



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 56үй
тел: 8(71332) 2-17-32

030900, Актюбинская область,
Уилский район, с.Уил. ул. Кокжар,
дом 56, тел: 8(71332) 2-17-32

2025 жылғы “17” наурыз
Ойыл с.

№ 243

“17 ” март 2025 года
с.Уил

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ата-аналарға арналған
консультациялық пункт ашу туралы**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1-индикаторының 5-тармағын орындау және мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата - аналарға (заңды өкілдеріне) кеңес беру, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйым басшыларына:

1.1. 2025 жылдың наурыз айынан бастап меншік нысанына қарамастан, барлық мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған консультациялық пункттер ашылсын.

1.2. Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы консультациялық пункттерінің тиісті деңгейде талапқа сай жұмыс жасауы қамтамасыз етілсін.

1.3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар басшылыққа алынсын.

1.4. Консультациялық пункт қызметін талапқа сай ұйымдастыруға, қажетті ақпараттардың мектепке дейінгі ұйымдардың сайттарында орналастырылуына жауапты тұлғалар бекітілсін.

2. Консультациялық пункттер жұмысының нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуін қадағалау, әдістемелік көмек беру әдістемелік кабинеттің әдіскері Р.Сенғалиеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Нұрғазинге жүктелсін.

Негіздеме: Ақтөбе облысының білім басқармасының 12.03.2025ж №120 хаты

Бөлім басшысы:



Е.Бегалин